

**Қазақстан Республикасы Жоғары
сотының төрағасы Ж.Қ.Асановқа
Атырау облысы, Мақатауданы,
Мақат кенті.**

Төлеуов Қонсалы Шапайұлынан

Алғыс білдіру.

Аса құрметті Жақып Қажыманұлы

Мен, Төлеуов Қонсалы Шапайұлы 1959 жылғы Ішкі істер органдарында 30 жылдай абыройлы еңбек еткен азаматпын. Қазіргі таңда Мақат ауданы, Бәйгетөбе ауылдық округінің әкімімін. 2020 жылдың маусым айында халықтың бірнеше жылдан бері шешілмей келе жатқан мәселесін шешу мақсатында заңсыз салынған теміржолды алдыртқан болатынмын. Маған «билікті асыра пайдаландың» деп Аудан Прокуратурасы мен Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік қызметкерлері тергеу амалдарын дұрыс жүргізбей, мені соттату керек деген мақсатпен қылмыстық іс қозғап, істі сотқа жіберді. Сот процесі болды. Соттың жұмысы ауыр екенін мен жақсы білемін. Талай сот процесіне қатысқан адаммын. Адам тағдырын шешу оңай шаруа емес екенін жақсы білемін. Менің айтайын деп отырғаным Мақат аудандық сотының төрағасы Чингисов Ғалым Ануарұлы жалпы Мақат ауданына беделі жоғары, адами парасаттылығымен, тәжірибесі мол судья екенін дәлелдеп жүр. Менің басыма ауыр күн туғанда Ғалым Ануарұлы сот процесін әділетті түрде жүргізіп, әділ шешім шығарып ақтағаны үшін зор алғыс айта отырып, Тәуелсіз Қазақстан Республикасында Ғалым Ануарұлындай судьялар көп болсын деп алғыс білдіремін.

Құрметпен алғыс білдіруші:

Атырау облысы, Мақат ауданы,

Мақат кенті тұрғыны

04.03.2022 жыл.

_____ Қ.Төлеуов